

## «Балдәурен» МКҚК МДҰ

Қатысқан: 2

Күні: 10.09.2024 ж

Қатыспаған:

«Балдәурен» МДҰ – на келмейтін мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары.

### Анықтама

2024 жылдың 10-қыркүйек күні «Балдәурен» МДҰ – да ҚР Оқу –ағарту министрінің «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы » 2022жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған балалардың ата-аналарының қажеттіліктері ескеріліп, ата-аналарға консультациялық пункт қызметін ұйымдастырудың жоспар бойынша «Баланың балабақшаға бейімделуі» деген тақырыпта балабақша әдіскері М.Қ.Сағынбаева дөңгелек үстел өткізді.

#### Тыңдалды:

##### **Балабақша әдіскері М.Қ.Сағынбаева сөз алды:**

Бүгінгі консультациялық пункт қызметіне қатысушы ата-аналар жиынында «Баланың балабақшаға бейімделуі» деген тақырыпта дөңгелек үстел өкізді. Ата-аналар баланы балабақшаға беру туралы шешім қабылдай отырып, ең алдымен қызметкерлердің біліктілігі деңгейлерін бағдарлайды. Ата-аналардың өз баласының тәрбиесімен айналысатын тәрбиешілер туралы анық білуі маңыздылығын айтты. Сонымен қатар жаңадан келген балалардың балабақшаға бейімделу кезеңдерін түсіндіріп өтті. Дөңгелек үстел өткізу барысында қатысушы ата-аналарға тренингтер өткізіліп, баланың балабақшаға бейімделуі туралы слайд түрінде таныстырылып, ата-аналардың пікірлері тыңдалды.

##### **Ауыл тұрғыны Кеңшілікова Молдір сөз алды:**

Балабақшада осындай балабақшаға келмейтін балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункт қызметі ашылып жатқанына өте қуаныштымын. Бүгінгі «Баланың балабақшаға бейімделуі» деген тақырыптағы дөңгелек үстел өте қызықты, жоғары деңгейде өтті. Біз енді балаларымыздың балабақшада бейімделу кезеңдері қалай өтетінін біліп жүретін боламыз.

«Балдәурен» МДҰ  
меңгеруші м.у.а:

Ж.Қ.Мырзабек

Хатшы:

М.Қ.Сағынбаева

